

ШЫҢЖАҢ ӨНДІРІСТІК-ҚҰРЫЛЫС КОРПУСЫ – ҚХР-ДЫҢ ҚАЗАҚСТАНМЕН ШЕКАРА АЙМАҒЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

*Мадиев Д.А.¹

*¹PhD докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент м.а. Алматы, Қазақстан, daniyarmadiev@mail.ru

Аңдатпа. Шыңжаң өндірістік-құрылыс корпусы (ары қарай Корпус) Қытайдың солтүстік-батыс өңірінде орналасқан көпұлтты Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданын басқарудың маңызды құралы болып табылады. 1954 жылы құрылған уақыттан бері Қытай билігі Корпусқа қарасты әскери бөлімшелерді шекара өңіріне орналастыра отырып екі түрлі мақсатты алдына қойды: біріншіден, шекара беріктігін сақтау, шекара өңіріндегі қауіпсіздікті ұстап тұру болса, екіншіден, шекара аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу.

Берілген мақалада Пекиннің Шыңжаңда жүргізіп отырған саясатының негізгі тірегіне айналған Корпустың әскери және экономикалық саладағы қызметінің ерекшеліктеріне кең талдау жасалып, жан-жақты зерттеу жүргізіледі. Бүгінгі таңда, ҚХР солтүстік-батыс шекара өңірін дамыту саясатын жүзеге асыруда. Осы тұрғыдан алғанда, аталған аймақтың стратегиялық маңыздылығын айқындау, Қазақстанмен шекаралас өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, инфрақұрылымының жақсаруына, аталған аймақта халықаралық сауда-экономикалық байланыстарын ұлғайту саясатына үлес қосып отырған Корпустың қызметін анықтау зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады.

Дегенмен, Корпустың нарықтық экономикаға бейімделу процесі өте баяу жүзеге асуда. Сонымен қатар, халық шаруашылығының жекелеген салаларындағы қол жеткізген үлкен жетістіктеріне қарамастан, аталған ұйым әлі де Орталықтың қаржылай және саяси қолдауына тәуелділіктен арыла алмай отыр. Корпустың тәуелсіз мекеме ретінде өз қызметін жалғастыруына кедергі келтіріп отырған факторлар бар. Шыңжаң үкіметі мен жергілікті халықтың Корпуспен арадағы қалыптасқан шиеленіскен қарым-қатынасы Корпус қызметінің нәтижесіне тікелей әсер етуде. Осы тұрғыда, мақалада Корпус пен жергілікті халық арасындағы байланыстардың шиеленісу себептері мен болашақта кері факторлардың алдын алу жолдарына сараптама жасалады.

Тірек сөздер: Шыңжаң өндірістік-құрылыс корпусы, солтүстік-батыс шекара аймағы, шекара қауіпсіздігі, сепаратизм, дивизия, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылым, еңбек лагерьлері

Негізгі ережелер

Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы – Қытайдың солтүстік-батыс шекара өңірінде орналасқан стратегиялық маңызы зор әкімшілік-аумақтық бірлік. Шыңжаңның көршілес мемлекеттермен арадағы 5000 шақырымнан аса шекара және шекаралық аймақтарының қауіпсіздігін сақтау міндетін Қытай басшылығы тұрақты әскерлермен қатар Корпусқа да жүктеп отыр. Алайда, шекараның беріктігі оны қорғауға қойған әскери күштің әлеуетімен өлшене бермейді, көбінесе шекаралас мемлекеттер арасындағы өзара сенім мен саяси-экономикалық ортақ мүдделердің қалыптасуы аса маңызды рөл атқарады. Қазіргі реформа және ашықтық саясатын атқару барысында төңіректігі

елдермен кең көлемде қарым-қатынас өрістету - ҚХР-дың жаңа дәуірдегі сыртқы саясатының басым бағыты болып саналады.

ҚКП Корпусты Шыңжаңның болашақтағы тұрақтылығы мен дамуының негізі болады деп есептейді, оған ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің 2022 жылы Шыңжаңға жасаған сапары барысында айтқан сөзі дәлел бола алады. Төраға өз сөзінде Корпустың өңірдегі атқаратын қызметінің маңызына тоқтала келе, жергілікті ұлт өкілдерімен бірлесе отырып аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға, сепаратистік пиғылдың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға шақырды [1]. Мемлекет басшысының бұл жағдайға ерекше көңіл аударуының өзіндік себебі бар, өйткені Шыңжаңдағы, әсіресе шекаралық аймақтардағы жиі-жиі туындап отыратын этникалық мәселе әлемдік қауымдастықтың ерекше назарында.

Қытайдың солтүстік-батыс өңірінде орналасқан Шыңжаң жері табиғи қазба байлығының мол қоры шоғырланған өлке. Ел экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар мұнай мен газ қоры бойынша Қытайдағы алдыңғы орындарда. Сонымен қатар, Орталық Азияның бірқатар мемлекеттерімен көршілес орналасқан бұл аймақтың транзиттік әлеуеті де өте зор. Әйтсе де, жаһандық терроризмнің күшейіп тұрған кезінде Қытайдың экономикалық трансформациясын жүзеге асыру мен ұлттық дамуы үшін Шыңжаңдағы тұрақтылықты сақтап қалу маңызды. Осы тұрғыдан қарастырғанда, қатарында 3 млн-нан аса мүшесі бар, аймақтағы қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі ретінде танылған Корпустың қызметі зерттеушілердің ерекше қызығушылығын тудыратыны сөзсіз.

Кіріспе

Шыңжаң өндірістік-құрылыс корпусының Шыңжаң өлкесіндегі ұлтаралық татулық пен шекара аймағының қауіпсіздігін сақтаудағы атқарып отырған маңызды қызметімен қатар, корпустың аталған өңірдегі халық шаруашылығы, атап айтқанда ауыл шаруашылығы мен өндірістегі, инфрақұрылым жүйесі мен азаматтық құрылыс саласындағы жетістіктерге қосып жатқан үлесі де ерекше. Корпус Қытай коммунистік партиясының шешімімен 1954 жылдың 7 қараша күні құрылған. Сол кездегі алғашқы құрамы Шыңжаңды азат етуге қатысқан Халық азаттық армиясының, коммунистер жағына өткен Гоминьдан әскерінің жауынгерлерінен құралды. Корпустың құрылуы Мао Цзедунның әскери бөлімдерді «жұмысшы отрядтарына» айналдыра отырып, оларға саяси, әкімшілік және өндірістік қызметтерді жүктеу концепциясына толық сәйкес жүргізілді десе болады [2]. Жалпы, шекара өңіріне әскери бөлімшелерді, тіпті тұтастай бір ұлт өкілдерін көшіріп әкеліп орналастыру жағдайы Қытай тарихында бірінші рет болып отырған жоқ. Мұндай жағдай Қытайдың империялық тарихында бірнеше рет қайталанған. Осындай оқиғаның бірі Маньчжур билігі тұсында, елдің солтүстік-шығыс аймақтарында орналасқан Сибирь ұлтының бірнеше мың отбасы өздерінің ата қонысынан ажыратылып, солтүстік-батыстағы қазіргі Қазақстан территориясымен шектесетін аймақтарға көшірілген болатын. Оларға шекара беріктігін сақтау, жергілікті халықтың наразылығын басу және шаруашылықпен айналысу секілді тапсырмалар жүктелді. Қазіргі таңда Сибирь

ұлты Шыңжаңда өмір сүріп жатқан аз санды халықтардың белді бір өкіліне айналған.

Корпусты құру барысында ел билігі аймақтың ішкі ерекшеліктері мен оларға әсер етуші сыртқы факторларды толық назарда ұстаған. Оны корпуста қарасты әскери бөлімшелердің басым бөлігінің қазіргі Қазақстан және Қырғызстан республикаларымен шектесетін аймақтарда орналасуынан көруге болады. Тек аз бөлігі ғана Орталық немесе Оңтүстік Шыңжаңда орналасқан. Анық байқағанымыздай, корпустың алдына қойылып отырған басты тапсырма – партия басшылығының аз санды ұлт өкілдері тығыз қоныстанған, қытай үкіметінің шешімдеріне әрдайым қолдау көрсете бермейтін, әлеуметтік тұрақсыздық халықтың наразылығын тудыратын аймақтағы тірегіне айналу.

Сонымен қатар корпуста бірқатар әлеуметтік және экономикалық тапсырмаларды орындау міндеті де жүктелген. Корпус қатарына қабылданып, жұмыспен қамтылып жатқан халық арасында соңғы жылдары жергілікті ұлт өкілдерінің саны көбеюде. Егер ертеректе корпус құрамы 99% хань ұлтының өкілдерінен құралған болса, қазіргі кезде жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі 14%-ға дейін жетіп отыр. Орын алған өзгерісті Орталық биліктің аталған аймақтағы әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге бағытталған маңызды қадамы деп қарастыруға болады [3]. Жұмыспен қамтылған азаматтар корпус құрамында мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орталық провинцияларды азық-түлікпен, жеңіл және ауыр өнеркәсіп өнімдерімен қамтамасыз ету, суғару жүйелерін салу, тың жерлерді игеру, авто және теміржол желілерін жүргізу секілді ірі-ірі жобаларда еңбек етуде.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Ғылыми зерттеулердің логикалық үйлесімділігін қамтамасыз ететін қолданбалы әдіснаманың негізі ретінде қарастырылатын жүйелік әдіс ҚХР-дың аймақтарды басқару саясаты мен экономикалық маңызын талдауда қолданылды. Корпустың орналасуы, атқарып отырған қызметінің аймақ қауіпсіздігі мен әлеуметтік-экономикалық тиімділігін анықтау мақсатында салыстырмалы-географиялық, факторлық және типологиялық жалпы ғылыми және жеке зерттеу әдістеріне басымдық берілді.

Аталған тақырыпты талдап саралау барысында сондай-ақ, тарихи, саяси, компаративистік және халықаралық қатынастар теориясының әдістері пайдаланылды, ол таңдалған тақырыптың тарихи, саяси, халықаралық және аймақтық-экономикалық аспектілерін біріктіретін пәнаралық ауқымын қамтиды. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбын толыққанды ашу үшін деректер мен ақпараттарды сыни тұрғыдан талдау, жинақтау және сұрыптау әдістері кең қолданылды.

Тарихи-генетикалық әдісті қолдану Корпустың тарихи дамуын сипаттауға және орын алған оқиғалардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауға, оның кейінгі дамуы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану Корпус құрылған уақыттан бергі әртүрлі кезеңдеріндегі атқарған қызметінің функционалдық айырмашылықтарын анықтауға қолайлы жағдай тудырды.

Нәтижелері

Шыңжаңның шекара аудандарындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер «Шыңжаң өндірістік-құрылыс корпусы» («新疆生产建设兵团») арқылы іске асырылды. Бұл Ұлт-азаттық армиясының жартылай әскери-өндіріс құрылымы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының 1954 жылы құрылды. Құрылымның шекара өңіріндегі саяси қызметі де өте маңызды болды, өйткені корпусның мойнына аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттырумен қатар, шекара өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті де жүктелді. Олар Орталық үкіметке және Шыңжаңдағы басқармасына бағынады. 2021 жылдан бері корпусқа Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы Ма Синжуй басшылық жасауда. Бүгінгі таңда корпус құрамында 14 дивизия, 174 ауыл-қыстақтарда шаруашылық жүргізу бірлестіктері, 4391 өндірістік, құрылыс, транспорт, коммерциялық мекемелер бар, сондай-ақ, ғылыми зерттеу, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, спорт, қаржы, сақтандыру және заң секілді әлеуметтік салаларда да өз өкілдіктері жұмыс істейді. 2019 жылдың соңына қарай берілген статистикалық мәліметте корпус құрамында ресми тіркеуде 3 млн-нан аса адам бар деп хабарланған. Алғашқы құрылған кезде корпусның қатарында 175 мың адам болған. Содан бері корпус құрамы Қытайдың ішкі аймақтарынан негізінен хань ұлтының өкілдерін тарту арқылы үздіксіз көбейіп отырды. Дегенмен соңғы жылдары партия билігінің аймақтың саясатын жүзеге асыру мақсатында, жергілікті аз санды ұлт өкілдерін корпус жұмысына қабылдауда оң өзгерістер орын алды. Бүгінгі таңда Шыңжаң өндіріс-құрылыс корпус мекемелеріне тиесілі аймақтарда 37 ұлттың өкілдері өмір сүреді. Олар ханьзу, ұйғыр, қазақ, дүнген, моңғол сияқты ұлт өкілдерінен тұрады. Олар ислам, буддизм, христиан діндерін ұстанады. Соған қарамастан олар ұлттар бірлігінің үлгісін көрсетіп келеді [4].

Шыңжаң өндірістік-құрылыс корпусы өзінің қалыптасып даму барысында бірнеше кезеңдерден өтті. Оған 1949-1954 жылдар аралығындағы негізі қаланған уақытты, 1954-1957 жылдар аралығындағы құрылғаннан кейінгі қызметінің алғашқы кезеңін жатқызуға болады. Одан кейінгі уақытта даму кезеңін, «революция» кезеңін, тың игеру және жаңа дәуір секілді кезеңдерді басынан өткерді. 1949 жылы Шыңжаң азат етілді. 1949 жылдың қазан айынан бастап Ұлт-азаттық армиясының бөлімдері Шыңжаңға еніп, көтеріліс жасаған Гоминьдан әскерлерінен жасақталған 22-і әскери корпус пен Ұлттық жасақтардан қайта құрылған 5-і армиямен бірлесе отырып бүлікшілер мен қарақшыларға қарсы жазалау соғысын жүргізеді. 1952 жылдан бастап Шыңжаң территориясында орналасқан Ұлт-азаттық армиясының әскери бөлімдері өндірістік-құрылыс жұмыстарына жұмылдырыла бастады. 1954 жылдың өзінде-ақ корпус күшімен 34 шаруашылық бірлестігі, 8 мал шаруашылығы фермалары құрылды, егін шаруашылығына пайдаланатын жердің көлемі 77,2 мың гектарға жеткен. Корпусның өндірген егін және мал шаруашылығы өнімдері Шыңжаң территориясында орналасқан әскери бөлімдердің қажеттілігін қамтамасыз етіп отырды. Тіпті сол 50-ші жылдардың ішінде корпусқа қарайтын заманауи өндіріс, тау-кен, сауда мекемелерімен қатар, мектептер, ауруханалар және басқа да өндірістік емес мекемелер ашылды.

1954 жылдың қазан айында Орталық үкіметтің тапсырмасы бойынша Ұлт-азаттық армиясының бөлімдері негізінде халық шаруашылығына аса қажетті өндірістік-құрылыс бөлімшелері құрыла бастайды, ендігі жерде, жартылай әскери құрылымдардың міндеттілігіне еңбек пен әскери қызметті қатар алып жүру, шекара маңындағы тың жерлерді игеру, мемлекеттік шекараны қорғау жүктелді. 1956 жылдан бастап корпус ҚХР-дың Орталық үкіметі мен жергілікті Шыңжаң үкіметіне бағынатын болды. Құрылған күннен бастап корпус жергілікті жерлердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, экономикалық өндірісін арттыруға бағытталған жұмыстармен шұғылданып келеді [5].

XX ғасырдың 50-жылдары аймақтың экономикалық дамуына ықпал еткен екі фактор болды. Оның бірі – жалпы ел көлемінде жүргізілген антифеодалдық аграрлық реформа болса, екіншісі – Халық азаттық армиясының негізінде құрылған Өндірістік-құрылыс корпусының Шыңжаңдағы, әсіресе шекара өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық саладағы атқарған қызметінің нәтижесі деуге болады.

XX ғасырдың 50-60 жылдары құрылыс корпусының күшімен Тяньшань тауының солтүстігі мен оңтүстігіндегі Такла-Макан және Күрбан-Түнғұт шөлінде, шекара бойындағы аудандарда суғару жүйелері салынды, тың жерлер игерілді, шөл далада су каналдары, орман белдеулері, авто жолдары салынып, аймақтың экономикасының деңгейін көтеруге үлкен көмек көрсетілді. Корпус өз жұмысын ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін өндіріс орындарын салудан бастады, ол біртіндеп жеңіл және тоқыма өндірісіне басымдық беретін көп салалы өндірістік жүйеге айналды. Бүгінгі таңда, көп салалы өндірістік жүйе металлургия, көмір өндірісі, құрылыс материалдары, энергетика, химия және машина жасау өндірістерін қамтиды.

1964 жылдан бастап құрылыс корпусы жергілікті аудандардың даму жоспарын іске асыруына қаржы бөліп, жергілікті халыққа медициналық және басқа да көмек көрсетіп келеді. Шыңжаңның өндірісін дамыту мақсатында құрылыс корпусы өзі салған өндіріс орындарын, транспорттық, құрылыс, сауда мекемелерін жергілікті үкіметтің басқаруына беріп, Шыңжаңның модернизация үрдісіне өз үлесін қосуда [6].

Әрине Корпустың даму тарихында құлдырау, артқа кету кезеңдері де болды. XX ғасырдың 70-ші жылдары, «Мәдени төңкерістің» қызған шағында корпус жұмысының нәтижесіне сын көп айтыла бастады, экономикалық тиімсіздігі, өзін-өзі ақтамайтындығы алға тартылып, 1975 жылы корпус таратылды. Оған қарасты басқармалардың жұмысы жергілікті үкіметке жүктелді.

1981 жылы Дэн Сяопин партия басшылығына келіп, елді реформалау жұмыстары өз жемісін бере бастағанына қарамастан, аймақтардағы наразылықтар өрши түсті. Шыңжаңның тәуелсіздігіне ұмтылған топтардың сепаратистік әрекеттері ел тұтастығына қауіп төндірді. Онымен қатар, қытайдың батысында орналасқан мемлекеттерде әскери қақтығыстардың басталуы, ел билігін аталған аймақта қауіпсіздік шараларын жедел қолға алуға мәжбүр етті. Осылайша, 1981 жылдың желтоқсан айында ҚХР Мемлекеттік Кеңесі Корпус жұмысын қайта жандандыру туралы қаулы қабылдады. Осы

уақыттан бастап Корпус қызметінің аймақтағы маңызы еш күмән тудырмайды [3].

«Өндірістік-құрылыс корпусы» Шыңжаңның 5 мың шақырымнан аса шекарасының 2109 шақырымын тікелей бақылауында ұстайды. Әсіресе Шыңжаңның солтүстік-батыс шекара өңіріндегі стратегиялық маңызды аймақтарда Корпусқа қарасты 14 дивизияның кем дегенде алтауы орналасқан: Алтай өңірінде 10-шы, 7, 8, 9 дивизиялар Тарбағатай өңірінде, Қарамай қаласы, Іле өңіріне қоныс тепкен. Сондай-ақ, Қазақстанның Алакөл ауданымен шекаралас аймақта 5-ші дивизияға қарасты бөлімшелер орналасса, Алматы облысына шекаралас Іле өңірінде, орталығы Көкдала қаласында 4-ші дивизия орналасқан. Ал шекара өңірінде жүргізіліп жатқан инфрақұрылымдық жобаларды 11-ші инженерлік-құрылыс дивизиясы жүзеге асыруда [5, 105 б.].

Алғашқыда ауыл шаруашылығы мен құрылыс саласына бейімделген корпус, бүгінгі таңда энергетика, тау-кен өндірісі, химия, мұнай мен газ өндірісі, логистика, киім тігу, электроника, шарап жасау, тамақ өнеркәсібі, сақтандыру, туризм және басқа да көптеген салалардағы корпорацияларға басшылық жасайды. Корпусқа қарасты өндіріс орындары өндірген өнімдер тек ел ішіндегі сұранысты қанағаттандырып қоймай, көп бөлігі экспортқа шығарылуда. Құрылыс саласында да корпусқа қарасты бөлімшелер Шыңжаңдағы, немесе Қытайдың басқа өңірлеріндегі құрылыс жұмыстарына белсенді қатысуда. Сонғы жылдардағы ерекше айта кететін жағдай, Корпус трансұлттық компания ретінде шетелдердегі құрылыс жобаларына қатысып, өзін халықаралық деңгейдегі ұйым ретінде таныта бастады. Оған мысал ретінде Орталық Азияда, Таяу Шығыста және Африка құрылысында жүргізіліп жатқан инфрақұрылымдық жобаларды атап кетуге болады.

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2022 жылы шілде айында Шыңжаңға сапары барысында жасаған баяндамасында Корпус жұмысына ерекше көңіл бөлді. Ол өз сөзінде «Корпус жоғары деңгейде механикаландырылған ауыл шаруашылығымен, ауқымды дамыған өнеркәсібімен және астық, мақта, май, жемістер мен көкөністер өндірудегі жетістіктерін пайдалана отырып Қытайдың азық-түлік қауіпсіздігін сақтауда, ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етуде маңызды рөл ойнауы керек» деп атап өтті. Ол сонымен қатар, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық прогреске жету үшін, этникалық бірлік, мемлекет пен кадрлық резервті дамыту үшін Корпус пен жергілікті аймақ арасындағы интеграцияны күшейтуге шақырды [7].

Соңғы жылдары корпусының экономикалық жетістіктері айтарлықтай деңгейге жетті. 2019 жылы корпусының ЖІӨ 274, 707 млрд юань (40,46 млрд доллар) болды [8]. 2021 жылы Шыңжаңның ЖІӨ 1,59 трлн юань (236,33 млрд доллар) болса, соның 339,56 млрд юані (50,20 млрд доллары) корпусқа тиесілі болған. Жалпы Шыңжаңдағы бидай өндірісінің 19,9%, майлы дақылдар өндірісінің 30% және қызылша өндірісінің 44,5% корпус өндіріп отыр. Одан бөлек, корпусқа қарасты 2873 компания жұмыс істеуде. Сондай-ақ, бүкіл әлем бойынша 862 мың компанияның активтері тікелей немесе жанама түрде корпусқа тиесілі [9].

Корпус жартылай әскери ұйым ретінде өзі орналасқан аймақтарда әскери қызметті де жолға қойған. Дегенмен корпусқа жүктелген әскери қызмет тұрақты әскердің алдына қойылған тапсырмалардан ерекшеленеді. Корпус жалпы саны 100 мыңға жуық халық жасағын тұрақты түрде әскери дайындықтан өткізіп, қажет болған жағдайда жергілікті әскери округтерге және полиция бөлімшелеріне көмекке келуге дайын тұрады. Төтенше жағдай туындағанда, корпусқа қарасты бөлімшелер шекарашылармен бірге шекара аймағының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, полициямен бірге қала көшелерінде тәртіпті сақтауға атсалысады. 1997 жылы Құлжа қаласында, 2009 жылы Үрімші қаласында орын алған жергілікті халықтың бас көтерулерін аталған құрылымның қарулы жасақтары аяусыз басып-жаныштауға қатысқан [10, 119 б.]. Сонымен қатар түрлі деңгейдегі және әртүрлі мақсаттағы түрмелер мен жазалау орталықтары негізінен корпусқа қарасты жасақтарға бағынышты. Қылмысты жазалау мекемелері, уақытша ұстау орындары, жастарға арналған колониялар және кейінгі жылдары кең етек жайған, алайда әлемдік қауымдастықтың наразылығын туындатып отырған «еңбекпен түзеу лагерлері» де толықтай корпусстың құзыретігіне тапсырылған. Әр дивизияның қарамағында бір немесе бірнеше еңбекпен түзеу лагерлері бар. 3-ші дивизияның басшылығында 9 түрме бар, оларда шамамен 7,6 мың азамат жазасын өтеуде. Сотталғандардың еңбегі дивизияға қарасты шаруашылықтарда кеңінен қолданылады. Осылайша, түрмелерді ұстау және тұтқындарды «қайта тәрбиелеу» корпусстың «арнайы» миссиясына айналған деуге болады. Өз кезегінде жазасын өтеушілердің еңбегі корпусстың алдына қойылған жоспарларды жүзеге асыруға өз үлесін қосуда [2].

Шыңжаңның солтүстігінде корпусстың орталығы Шихэцзы қаласы орналасқан. Бұл статуска қала корпусстың бас штабы Үрімші қаласынан ауысып келгелі бері ие болды. Жалпы корпус басшылығы қала құрылысына ерекше көңіл бөлуде. Мысалы, Шихэцзы қаласында салық органдары, мемлекеттік басқарма, өндірістік және сауда басқармалары орналасқан. Қала Тянь-Шань тауының солтүстік бетіндегі маңызды көлік тасымалы торабы болып табылады. Қалада бірқатар жоғары және арнайы кәсіби оқу орындары корпус қызметкерлерінің білім алуына қолайлы жағдай тудырып отыр. Олардың ішіндегі ең танымалы Шихэцзы университеті. Университет білім беру деңгейі бойынша Шыңжаңдағы алдыңғы қатарлы университеттердің бірі. Алдағы уақытта корпус әр дивизияның өкілдігі орналасқан аймақтағы елді мекенді қала деңгейіне жеткізуді жоспарлап отыр. Қазіргі кезде Бәйтунь, Тэмэньгуань, Көкдала секілді елді мекендер дивизиялардың орталық қаласы статусына көтерілген. Бұл жекелеген құрылымдардың ресурстарын өз орталықтарына жұмсай отырып осы аймақтағы әлеуметтік мәселені шешудің оңтайлы жолы ретінде қарастырылған [11].

Талқылау

Корпус жұмысының аталған кезеңдегі қол жеткізген қомақты жетістіктеріне қарамастан, корпусстың болашақтағы даму үдерісін шектейтін, шешімін таппаған бірқатар факторлар бар. Ең алдымен, корпусстың Шыңжаң аумағында атқарып отырған қызметі барлық жағдайда аудан басшылығы

тарапынан қолдау таба бермейді. Екі құрылым арасындағы ортақ нарықтағы үлес салмағын арттыру, жер және су ресурстарын пайдалану үшін бәсекелестік күшейе түскен. Корпусқа қарасты тау-кен өндірісі, мұнай-газ өндіру саласындағы кәсіпорындардың өндірісті дамыту жоспары көп жағдайда аудан басшылығы тарапынан қарсылыққа ұшырайды. Егер корпус бюджетінің аудан бюджетінен жеке құрылатындығын ескерсек, бәсекелестік туындауының басты себебін түсінуге болады.

Сонымен қатар, кадр мәселесі өте өзекті болып тұр. Соңғы жылдардағы адам санының салыстырмалы түрде артқанына қарамастан, мамандардың корпусқа қарасты өндіріс орындарында, ауыл шаруашылығы фермаларында тұрақтап қалуының үлес салмағы өте төмен. Бұл жағдай әсіресе жоғары білікті мамандар арасында көп кездеседі. Оған себеп жалақының жоғарғы шектеулі деңгейі төмен. Бұл көрсеткіш жалпы мемлекеттік орташа жалақы деңгейінен ғана емес, Шыңжаң бойынша орташа көрсеткіштен біршама төмен. Сондықтан, көптеген шаруалар, басқа да жоғары санаттағы мамандар корпустан тыс мекемелерге ауысып кетіп жатады. Өз кезегінде корпус үнемі елдің басқа өңірлерінен адам тарту жұмыстарымен айналысуға мәжбүр. Қазіргі кезде корпустағы жергілікті аз санды ұлт өкілдерінің үлес салмағының біршама артуының себебі осы болуы мүмкін, атап айтқанда егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысатын фермаларда олардың саны өскен [3].

Негізінен хань ұлты өкілдерінен жасақталған дивизиялар мен полктердің жергілікті тұрғындармен тығыз, достық қарым-қатынас орнатылмаған. Басым бөлігі мұсылман дінін ұстанатын, түркітілдес ұйғыр, қазақ, қырғыз және тағы басқа жергілікті халық оларды өздерінің шаруашылыққа қолайлы, шұрайлы жерлерін тартып алған басқыншы ретінде қабылдайды. Екі жақта сақталып тұрған тілдік барьер өзара сенімсіздік пен күдік тудыруда. Этникалық және діни қайшылықтар да бар. Сондай-ақ, корпусқа қарасты аймақтарда қайта тәрбиелеу орталықтарының құрылуы мен оларда миллиондаған жергілікті ұлт өкілдерінің сот үкімінсіз ұсталуы, азапталуы, қиын жұмыстарға салынуы олардың корпусқа қарсы пиғылын ушықтыра түсуде.

Еңбекпен түзеу лагерьлеріндегі адам құқығын бұзу фактілерін назарға ала отырып 2019 жылы шілде айында АҚШ корпус басшылары мен оның барлық өндірген өнім түрлеріне санкция жариялап, АҚШ аумағына кіргізуге тыйым салды. Соңғы уақытта осы мәселеге әлемдік қауымдастық ерекше назар салып отыр. Ұлыбританияның Шеффилд-Халлам университетіндегі Хелен Кеннеди атындағы халықаралық әділет орталығы Шыңжаңдағы ұйғыр ұлтына қарсы адам құқықтарының бұзылуы, оның ішінде мәжбүрлі қоныс аудару, еңбекке мәжбүрлеу, жерін тартып алу, сотсыз қамауға алу, түрмеге жабу және діни қудалау фактілері бойынша баяндамалар топтамасын жасаған. Баяндамаға қарағанда, осы заң бұзушылықтардың барлығында Корпус «басты және шешуші рөл» атқарады [12].

Қалыптасқан жағдайды толықтай болмаса да біршама жеңілдету үшін корпус пен жергілікті халықтың арасында орын алған шиеленісті жою керек. Ол үшін жергілікті мамандарға сенім білдіріп жұмысқа тартса, сөйтпін қытайдың басқа өңірлерінен келіп жатқан хань ұлты өкілдерінің санын

шектеген жағдайда, халықтың жергілікті аймақты қытайландыру саясатын жүргізіп жатыр деген көзқарасын өзгертуге болар еді. Ұйғыр, қазақ тілінде сөйлейтін мұғалім, дәрігер, инженерлерді жұмысқа алу жергілікті халықтың әлеуметтік мәселесін шешіп қана қоймайды, сонымен бірге өзара теңдік пен сенімділікті тудырады.

Қорытынды

Шыңжаң өндірістік-құрылыс корпусы өзінің құрылымы мен басқару жүйесі ерекше, әлемнің басқа елдерінде кездесе бермейтін ұйым. Өткен ғасырдың ортасында құрылған уақыттан бері алдына қойылған міндеттер мен тапсырмаларды нәтижелі орындап келеді. Қызмет атқарып келе жатқан 70 жылға жуық уақыттың ішінде корпусқа қатысты қытай қоғамында, үкіметте, жергілікті халық арасында және халықаралық аренада жағымды-жағымсыз түрлі пікірлер мен көзқарастар қалыптасты. Дегенмен, ел орталығы мен дамыған шығыс аймақтарынан шеткері жатқан өңірдің экономикалық дамуы мен жергілікті халық арасындағы сепаратистік пиғылдың алдын алу және шекара өңірінің қауіпсіздігін сақтау ісінде корпус айтарлықтай өз үлесін қосуда.

1981 жылы корпус жұмысы коммунистік партия тарапынан қолдау тауып қайта жанданған тұста, корпустың реформа жылдарындағы алдына қойған мақсаты айқындала түсті. Ендігі жерде корпус қызметінің аясы кеңіп, халық шаруашылығының кез-келген саласындағы ірі жобаларды іске асыратын корпорацияға айналды. Қазіргі кезде корпусқа қарасты компаниялар ауыл шаруашылығында, ауыр және жеңіл өнеркәсіпте, банк-қаржы саласында, оқу-ағарту, білім беру саласында, мәдениет пен денсаулық сақтау саласында, инфрақұрылым құрылысында негізгі жұмыстарды атқаруда. Және бұл қызметтерін тек Шыңжаң аумағында ғана емес, бүкіл Қытай шеңберінде жүзеге асыруда [13].

Жалпы Шыңжаңның қытай билігі үшін стратегиялық маңызы өте зор. Әсіресе аз санды ұлт өкілдері тығыз орналасқан шекара аймағының саяси, әлеуметтік тұрақсыздығы мемлекеттің тұтастығы мен бейбіт өмір сүріп даму принциптеріне аса үлкен нұқсан келтірген болар еді. Сол себепті де мемлекет басшылығының, үкіметтің бұл аймаққа ерекше мән беруінің маңызы зор. Шыңжаң экономикалық тұрғыда біршама арта қалғанымен, оның болашақта даму перспективасы бар. Оған оның географиялық орны да жақсы мүмкіндіктер береді. Шыңжаң тарихи Ұлы Жібек жолының бойында жатқан аймақ болғандықтан, көршілес мемлекеттермен сауда-экономикалық байланыстарды жандандыра түсудің әлеуеті жоғары.

Осындай мүмкіндіктеріне қарамастан, корпус жұмысының еркін дамуына кедергі келтіріп отырған факторлар да бар. Корпус құрылған кездегі басты принцип жергілікті шаруалардың жұмысына бәсекелестік тудырмау болды. Сондықтан да бүгінгі таңда корпусқа қарасты ауыл шаруашылығы фермалары негізінен шаруашылық жүргізуге қолайсыз аймақтарда, шөл және шөлейт жерлерде орналасқан. Сондай-ақ, көп жағдайда су тапшылығынан тартып отырған зардабы көбіне мол өнім алуға мүмкіншілік бере бермейді. Демек, бұл сала бойынша корпус өзін-өзі ақтамайды. Тек биліктің ерекше

ықыласының арқасында жыл сайын үкіметтен бөлінген субсидияның есебінен өз жұмысын жалғастыруда деп айтуға болады. Жергілікті билікпен арадағы туындаған бәсекелестік те корпусстың кейбір салалардағы монополист болу ниетіне кедергі келтіруде. Сондай-ақ, корпус пен жергілікті халық арасында өзара сенімділік пен сыйластық принциптері қалыптаспаған. Екі жақ бірін-бірі бәсекелес, этникалық қарсылас деп қарайды. Оның себебі корпус өзін жергілікті қоғамнан оқшау ұстайды, өз алдына жергілікті халықпен қоян-қолтық бірлесе отырып жетуге болатын мақсаттар қоймайды. Үкімет тарапынан аймақтағы жүргізіліп жатқан біржақты қатаң шектеулердің арқасында бейбіт даму жолына түсу өте қиын. Сондықтан да Қытай билігі болашақта аталған аймақта барынша тиімді басқару механизмін қалыптастырады деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] The Xinjiang Production and Construction Corps: an Insider's Perspective. <https://www.bsg.ox.ac.uk/blog/xinjiang-production-and-construction-corps-insiders-perspective>
- [2] Афанасьева Е.А. Синьцзян-уйгурский автономный район во внутренней политике Китая (1991-2006 гг.): автореф. ... канд. истор. наук. – Томск, 2007. - 28 с.
- [3] Yajun Bao. The Xinjiang Production and Construction Corps: an Insider's Perspective. <https://www.bsg.ox.ac.uk/sites/default/files/2018-05/BSG-WP-2018-023.pdf>
- [4] Made in Xinjiang: US sanctions trigger scrutiny of supply chains in western China. <https://www.aperio-intelligence.com/2020/10/06/made-in-xinjiang-us-sanctions-trigger-scrutiny-of-supply-chains-in-western-china/>
- [5] 岳廷俊。新疆生产建设兵团简史。--乌鲁木齐：新疆大学出版社，2007。 - 327 页。 Юэ Тинцзюнь. Шыңжаң өндірістік-құрылыс корпусының тарихы. – Үрімші, 2007. - 327 б.
- [6] Тищенко М. Корпус стражей. Как Китай обзавелся «армией», которая ассимилирует Синьцзян и зарабатывает на нем миллиарды долларов. <https://mediazona.ca/article/2020/11/16/army>
- [7] Xi Jinping's inspection tour of Xinjiang. http://kr.china-embassy.gov.cn/kor/zgxw/202208/t20220801_10731195.htm
- [8] Liu Xin. Divisions of XPCC contribute to social stability, promote residents' income. <https://www.globaltimes.cn/content/1201866.shtml>
- [9] Wyk, van Barry. What does the Xinjiang Production and Construction Corps do, aside from forced labor? <https://thechinaproject.com/2022/08/08/what-does-the-xinjiang-production-and-construction-corps-do-aside-from-forced-labor/>
- [10] Сыроежкин К.Л. Китай: военная безопасность: монография. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. - 268 с.
- [11] Xiaoyun Li. Tracking the urban expansion and its driving mechanisms behind Xinjiang Production and Construction Corps (XPCC): Evidence from morphology and landscapes. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0197397522000960>
- [12] Ruth Ingram. Xinjiang Production and Construction Corps: A Main Tool of Uyghur Oppression. <https://bitterwinter.org/xinjiang-production-and-construction-corps-uyghur/>

REFERENCES

- [1] The Xinjiang Production and Construction Corps: an Insider's Perspective. <https://www.bsg.ox.ac.uk/blog/xinjiang-production-and-construction-corps-insiders-perspective>

[2] Afanasyeva E.A. Sintziyan-uygurskii avtonomnyi raion vo vnutrennei politike Kitaya (1991-2006 gg.): [Xinjiang Uyghur Autonomous Region in China's internal isolation (1991-2006)]: avtoref. ... cand. istor. auk, Tomsk, 2007, p. 28 [in Russ.]

[3] Yajun Bao. The Xinjiang Production and Construction Corps: an Insider's Perspective. <https://www.bsg.ox.ac.uk/sites/default/files/2018-05/BSG-WP-2018-023.pdf>

[4] Made in Xinjiang: US sanctions trigger scrutiny of supply chains in western China. <https://www.aperio-intelligence.com/2020/10/06/made-in-xinjiang-us-sanctions-trigger-scrutiny-of-supply-chains-in-western-china/>

[5] 岳廷俊。新疆生产建设兵团简史。--乌鲁木齐：新疆大学出版社，2007。-327页。
• [Yué Tīnczyun. Şinjañ ondiristik-qurılıs korpwsınıñ tarixı / Yue Tingjun. History of Xinjiang Industrial and Construction Corps]. Urumshi, 2007, p.327.

[6] Tishenko M. Korpus strajei. Kak Kitai obzavelsya «armie», kotoraya assimiliruet Sintziyan i zarabatyvaet na nem milliardy dollarov [Guardian Corps. How China acquired an “army” that will assimilate Xinjiang and earn billions of dollars from it] <https://mediazona.ca/article/2020/11/16/army> [in Russ.]

[7] Xi Jinping's inspection tour of Xinjiang. http://kr.china-embassy.gov.cn/kor/zgxw/202208/t20220801_10731195.htm

[8] Liu Xin. Divisions of XPCC contribute to social stability, promote residents' income. <https://www.globaltimes.cn/content/1201866.shtml>

[9] Barry van Wyk. What does the Xinjiang Production and Construction Corps do, aside from forced labor? <https://thechinaproject.com/2022/08/08/what-does-the-xinjiang-production-and-construction-corps-do-aside-from-forced-labor/>

[10] Syroejkin K.L. Kitai: voennaya bezopasnost [China: military security]: monografia. Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2008, p.268 [in Russ.].

[11] Xiaoyun Li. Tracking the urban expansion and its driving mechanisms behind Xinjiang Production and Construction Corps (XPCC): Evidence from morphology and landscapes. <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0197397522000960>

[12] Ruth Ingram. Xinjiang Production and Construction Corps: A Main Tool of Uyghur Oppression. <https://bitterwinter.org/xinjiang-production-and-construction-corps-uyghur/>

СИНЬЦЗЯНСКИЙ ПРОИЗВОДСТВЕННО-СТРОИТЕЛЬНЫЙ КОРПУС – ГАРАНТИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПРИГРАНИЧНЫХ С КАЗАХСТАНОМ РАЙОНОВ КНР

*Мадиев Д.А.¹

¹ Доктор PhD, и.о. доцента КазНУ имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан, daniyarmadiev@mail.ru

Аннотация. Синьцзянский производственно-строительный корпус (далее - Корпус) - важный инструмент управления многонациональным Синьцзян-Уйгурским автономным районом, расположенным в северо-западном регионе Китая. С момента его создания в 1954 году китайские власти размещая воинские части в составе корпуса в приграничном районе ставили перед собой две разные цели: во-первых, охрана государственной границы, поддержание безопасности приграничных районов, во-вторых, способствовать на социально-экономическое развитие приграничного региона.

В данной статье проводится широкий анализ особенностей военной-хозяйственной деятельности Корпуса, ставшего главной опорой политики Пекина в Синьцзяне. На сегодняшний день Китайская Народная Республика реализует политику развития северо-западного региона страны. С этой точки зрения, целью данной работы является определение стратегического значения указанного района, определение деятельности Корпуса, способствующего на социально-экономическому развитию приграничного с Казахстаном

района, совершенствованию его инфраструктуры, на курс активизации международных торгово-экономических связей в указанном регионе.

Однако процесс адаптации Корпуса к рыночной экономике идет очень медленно. Кроме того, несмотря на большие достижения, достигнутые в отдельных областях народного хозяйства, упомянутая организация до сих пор не может избавиться от зависимости от финансовой и политической поддержки Центра. Есть факторы, которые мешают Корпусу продолжать свою деятельность в качестве независимого учреждения. Напряженные отношения правительства Синьцзяна и местного населения с Корпусом напрямую сказываются на результатах деятельности Корпуса. В этом контексте в статье рассматриваются причины натянутых отношений между Корпусом и местным населением и пути предотвращения негативных факторов в будущем.

Ключевые слова: Синьцзянский производственно-строительный корпус, Северо-западный приграничный регион, пограничная безопасность, сепаратизм, дивизия, сельское хозяйство, инфраструктура, трудовые лагеря

XINJIANG PRODUCTION AND CONSTRUCTION CORPS IS A GUARANTEE OF THE SECURITY OF PRC BORDER REGIONS WITH KAZAKHSTAN

*Madiyev D.A.¹

^{*1}PhD, acting associate professor of Al-Farabi KazNU, Almaty,
Kazakhstan, e-mail: daniyarmadiev@mail.ru

Abstract. The Xinjiang Production and Construction Corps (hereinafter referred to as the Corps) is an important tool for managing the multinational Xinjiang Uygur Autonomous Region, located in the northwestern region of China. Since its inception in 1954, the Chinese authorities, deploying military units as part of the corps in the border area, have set themselves two different goals: firstly, the protection of the state border, maintaining the security of the border areas, and secondly, to contribute to the socio-economic development of the border region.

This article provides a broad analysis of the features of the military and economic activities of the Corps, which has become the main pillar of Beijing's policy in Xinjiang. To date, the People's Republic of China is implementing a policy of development of the northwestern region of the country. From this point of view, the purpose of this work is to determine the strategic importance of the specified region, to determine the activities of the Corps, contributing to the socio-economic development of the region bordering Kazakhstan, improving its infrastructure, on the course of enhancing international trade and economic relations in the specified region.

However, the process of adaptation of the Corps to the market economy is very slow. In addition, despite the great achievements achieved in certain areas of the national economy, the mentioned organization still cannot get rid of dependence on the financial and political support of the Center. There are factors that prevent the Corps from continuing to operate as an independent institution. Tensions between the government of Xinjiang and the local population with the Corps directly affect the performance of the Corps. In this context, the article examines the causes of strained relations between the Corps and the local population and ways to prevent negative factors in the future.

Keywords: Xinjiang Production and Construction Corps, Northwestern border region, border security, separatism, division, agriculture, infrastructure, labor camps

Статья поступила 14.08.2023